

2022 жылға арналған басым дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 112 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 мамырда № 5609 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 20.09.2022 № 179 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялардың нормалары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 20.09.2022 № 179 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мына:

1) Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 163 " Оңтүстік Қазақстан облысындағы басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын

бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4128 болып тіркелген, 2017 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) қаулысының;

2) Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 311 "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 163 "Оңтүстік Қазақстан облысындағы басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4787 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

Ұ.Қ. Тәжібаев

А.А. Абдуллаев

А.Б. Тасыбаев

"Басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы "___" _____ №_____ қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің

2022 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 20.09.2022 № 179 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	1 тоннаға арналған субсидия нормасы, теңге
1	Мақсары	15 000

Түркістан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 5 мамырдағы № 112
қаулысына 2-қосымша

2022 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 20.09.2022 № 179 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялауға арналған бюджеттік қаражат көлемі, теңге	
1	Республикалық бюджет	432 075 000

Түркістан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 5 мамырдағы № 112
қаулысына 3-қосымша

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған 1 тоннаға субсидиялар нормалары

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы әкімдігінің 20.09.2022 № 179 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).